Басқарма төрағасының
26.12.2019
№ 903-Н бұйрығымен
«Бекітілді»

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

# «С. СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ ОҚЫТУ ҮШІН ШЕТЕЛДІК ҒАЛЫМДАР МЕН ПРОФЕССОРЛАРДЫ ТАРТУ ТУРАЛЫ

**ЕРЕЖЕ**
**СМЖ ОШҒПТЕ 05.5004 - 2019**

_________дана

______көшірме

**НҰР-СҰЛТАН 2019**

Санкциясыз құжаттың көшірмесін жасауға тыйым салынады

## Алғы сөз

1 Халықаралық ынтымақтастық және көптілді оқытуды дамыту орталығы сапа қызметімен бірлесіп **ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗГЕН**

ОШҒПТЕ әзірлеген құрылымдық бөлімшенің атауы

2 Басқарма төрағасының 26.12.2019 № 903-Н бұйрығымен **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

(құжатты бекіткен лауазымды тұлға)

**3 ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:**

- АМД директоры – Н.А. Серекпаев
  Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы
- ПБКД директоры – Д.Б.Алимжанова
  Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы.
- ХЫжКОДОдиректоры– С.А. Мейрамова.
  Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы
- Сапа қызметінің бастығы – С.С.Алдабергенова
  Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы
- Сапа қызметінің маманы –А.К.Наймантаева

**4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ** 2024 ж.
**ТЕКСЕРУ МЕРЗІМДІЛІГІ** 5жыл


Осы құжаттың «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ Басқарма төрағасының рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара жұмсалуы, таралуы әрі көбейтілуіне тыйым салынады.

## Мазмұны

| | |
| --- | --- |
| 1 Қолданыс аясы | 4 |
| 2 Нормативтік сілтемелер | 4 |
| 3 Анықтамалар | 5 |
| 4 Белгілеулер мен қысқартулар | 6 |
| 5 Жауапкершілік пен өкілеттілік | 6 |
| 6 Жалпы ережелер | 7 |
| 7 ҚР БҒМ «ҚР жоо-на шетелдік ғалымдарды тарту» бағдарламасы бойынша шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақыру рәсімін жоспарлау және жүзеге асыру | 7 |
| 8 Шетелдік ғалымдар мен профессорларды штаттық қызметкер ретінде шақыру рәсімін жоспарлау және іске асыру | 9 |
| 9 Қаржыландыру көздері | 11 |
| 10 Штаттағы шетелдік ғалым мен профессордың қызметтеріне ақы төлеу | 11 |
| 11 Шетелдік ғалымдарды әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз ету | 12 |
| 12 Шетел азаматтарын медициналық сақтандыру туралы | 12 |
| 13 Өзгертулер енгізу тәртібі | 13 |
| 14 Сақтау және тарату | 13 |
| А қосымшасы өтеулі білім беру қызметтерін көрсету келісімшартының нысаны | 14 |
| Б қосымшасы еңбек келісімшартының нысаны | 23 |
| В қосымшасы іс-шаралар жоспарының нысаны | 30 |
| Г қосымшасы Білім беру қызметтері саласында шетелдік ғалымдарды тарту бойынша шығындардың шекті нормалары | 31 |
| Д қосымшасы Келісу парағы | 32 |
| Е қосымшасы Танысу парағы | 33 |
| Ж қосымшасы Өзгертулерді тіркеу парағы | 34 |
| И қосымшасы Г Кезеңдік тексеруді есепке алу парағы | 35 |

## 1 Қолданыс аясы

Осы ереже ҚР БҒМ, басқа да көздерді қаржыландыру шеңберінде«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ-ға сабақ беру үшін ғалым/ профессор ретінде немесе штаттық қызметкер ретінде шақырылған шетелдік ғалымдар мен профессорларды тарту туралы шетелдік ғалымдар мен профессорлардың келу тәртібін, шақыру рәсімін және олардың қызметтеріне ақы төлеуді белгілейтін ішкі нормативтік құжат болып табылады.

Осы Ереже университеттің барлық қызметкерлеріне жұмыста басшылық жасау үшін міндетті.

Ереже С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ сапа менеджменті жүйесі (бұдан әрі – СМЖ) құжаттамасының құрамына кіреді.

## 2 Нормативтік сілтемелер

Осы Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға квота белгілеу және оны Қазақстан Республикасының өңірлері арасында бөлу, еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға жергілікті атқарушы органдардың рұқсаты талап етілмейтін адамдарды айқындау қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 15 желтоқсандағы № 802 қаулысы (*11.08.2018 ж. жағдай бойынша өзгертулермен және толықтыруларымен*).

«Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Қазақстан Республикасының Заңы (26.12.2018 ж. жағдай бойынша өзгертулермен және толықтыруларымен).

Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және (немесе) ұзарту, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыру қағидалары мен шарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2016 жылғы 27 маусымдағы № 559 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 29 тамызда № 14170 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасындағы Шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы заң (1997 жылғы 19 маусымдағы N 134-1 ҚР Заңымен өзгертулер енгізілді).

«Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келу және онда болу, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан шығып кету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы № 148 қаулысы.

Санкциясыз құжаттың көшірмесін жасауға тыйым салынады

«Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.12.2015 жылғы № 1193 қаулысы.

«Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде Шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 11.05.2018 жылғы № 256 қаулысы.

28.10.2019 жылғы «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ Жарғысы.

ХС ИСО 9000:2005 Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер мен сөздік.

ХС ИСО 9001:2015 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар

ҰС СМЖ 1.1.01-2015 Сапа менеджменті жүйесі. Ұйым стандарты. Сапа менеджменті жүйесінің құжаттамасын жасауға, мазмұндауға және ресімдеуге қойылатын жалпы талаптар.

СМЖ ҚР 01 - 2015 Сапа менеджменті жүйесі. Құжатталған рәсім. Құжаттаманы басқару.

СМЖ ҚР 02 - 2015 Сапа менеджменті жүйесі. Құжатталған рәсім. Жазбаларды сапа бойынша басқару.

## 3 Анықтамалар

3.1 Осы Ережеде ХС ИСО 9000:2005 сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады.

«Шетелдік ғалым»– қазіргі уақытта жоғары оқу орнында жұмыс істейтін және білім беру мекемесінде кемінде 5 жыл педагогикалық қызмет өтілі, ғылым кандидаты, ғылым докторы, PhD докторы ғылыми дәрежесі, магистр (MBA) академиялық дәрежесі бар, педагогикалық қызметті жүзеге асыру үшін белгілі бір мерзімге университеттің ресми шақыруы бойынша келетін шетелдік азамат.

«Шетелдік ғалымдардың педагогикалық қызметі»– бұл оқылатын пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламаларын әзірлеуден тұратын қызмет, осы бағдарламаларды іске асыру (дәрістер оқу, практикалық, семинар сабақтарын және зертханалық практикумдарды өткізу, білімді бағалаудың қорытынды бақылауын және шеберлік-кластарын өткізу, сондай-ақ құзыретінің жетіспеушілігі/болмауы жағдайында қажеттілігіне қарай С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ ПОҚ тренингі).

Осы Ережеде «Шетелдік ғалымдарды тарту бойынша шығыстар»– бұл бакалавриат, магистратура және докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярлау жөніндегі педагогикалық қызметті жүзеге асыруда

жүргізілетін, білім беру қызметтерін көрсету саласында шетелдік мамандарды шақыруға байланысты шығыстар.

## 4 Белгілеулер мен қысқартулар

Осы Ережеде мынадай қысқартулар қолданылады:

- ОШҒПТЕ – ҚР БҒМ, басқа да көздерді қаржыландыру шеңберінде «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ-ға оқыту үшін ғалым/профессор ретінде немесе штаттық қызметкер ретінде шақырылған шетелдік ғалымдар мен профессорларды тарту туралы ереже;
- СҚ – сапа қызметі;
- ХЫжКОДО – халықаралық ынтымақтастықты және көптілді білім беруді дамыту орталығы;
-АМД – академиялық мәселелер департаменті
- БҚО–Білім алушыларға қызмет көрсету орталығы
- ПБҚД – персоналды басқару және құжат айналымы департаменті;
- СМЖ – сапа менеджмент жүйесі;
- ҚД–қаржы департаменті;
- СБӨ – сапаны басқару өкілі;
- ҚР – құжатталған рәсім;
- ҰС – ұйым стандарты.

## 5 Жауапкершілік пен өкілеттілік

5.1 «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ сабақ беру үшін шетелдік ғалымдар мен профессорларды тарту туралы Ережені әзірлеуге жауапкершілік және өкілеттік ҚР БҒМ қаржыландыру және басқа да көздер шеңберінде шақырылған ғалым/профессор немесе штаттық қызметкер ретінде оны келісу, бекіту, тіркеу және қолданысқа енгізу былайша бөлінеді:

- Ереженің әзірленуіне және мазмұнына Халықаралық ынтымақтастықты және көптілді білім беруді дамыту орталығы мен Академиялық мәселелер жөніндегі департамент жауапты болады, оны ресімдеуге, бекітуге және енгізуге Сапа қызметі (бұдан әрі–СҚ) жауапты болады;
- Ереженің жобасымен«Келісу парағында» белгілейтін (Д қосымшасы)Сапа жөніндегі басшылықтың өкілі (бұдан әрі–СБӨ), Басқарма төрағасының Ғылым, инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары, Басқарма төрағасының Қаржы мәселелері және инфрақұрылымды дамыту жөніндегі орынбасары, Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры (бұдан әрі– АМД), Халықаралық ынтымақтастықты және көптілді оқытуды дамыту орталығының директоры (бұдан әрі– ХЫжКОДО), Персоналды

басқару және құжат айналымы департаменті (бұдан әрі–ПБҚД) директоры, Заң бөлімінің бастығы, Сапа қызметінің бастығы (бұдан әрі – СҚ) келісуі тиіс;

- әзірлеуші-бөлімше ОШҒПТЕ жобасын СҚ тіркеуге береді, ол түпнұсқаны ресімдейді, келісуші қолдарды жинайды;

- Ереже С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ Басқарма төрағасының бұйрығымен бекітіледі;

- СҚ осы Ережені қолданысқа енгізу туралы бұйрық дайындайды, оны Басқарма төрағасы бекітеді;

- Бекітілген Ережені университеттің тиісті қызметкерлерінің назарына жеткізу үшін бөлімше басшысы жауапты болады. Танысу туралы жазба «Танысу парағында» ресімделуі тиіс (Е қосымшасы).

## 6 Жалпы ережелер

6.1. Осы Ереже «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» КеАҚ Жарғысы негізінде әзірленді және ҚР БҒМ, басқа да көздерді қаржыландыру шеңберінде сабақ беру үшін ғалым/профессор ретінде немесе штаттық қызметкер ретінде шақырылған шетелдік ғалымдар мен профессорларды тарту рәсімін сипаттайды, сондай-ақ 020.111.369 «ҚР жоғары оқу орындарына шетелдік мамандарды тарту» бағдарламасы негізінде немесе университеттің меншікті қаражаты және басқа да қаржыландыру көздері есебінен жүргізілген шығыстардың бағытын, пайдаланылуын, ресімделуін және есепке алынуын негіздейді және нақтылайды.

6.2. ҚР БҒМ немесе басқа да көздерді қаржыландыру шеңберінде оқыту үшін шетелдік ғалымдар мен профессорларды тарту жөніндегі іс-шараларды іске асыруға штаттық қызметкер ретіндеС. Сейфуллин атындағы ҚАТУ-да сабақ беру үшін қолайлы жағдай жасау бойынша ұйымдастыру іс-шараларын өткізуді қамтамасыз ету мақсатындаХЫжКОДО-ның жәрдемдесуімен факультет декандары мен кафедра меңгерушілері, сондай-ақ факультеттердегіжауапты үйлестірушілертартылады.

## 7 ҚР БҒМ «ҚР ЖОО-на шетелдік ғалымдарды тарту» бағдарламасы бойынша шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақыру рәсімін жоспарлау және жүзеге асыру

7.1 ҚР БҒМ «ҚР ЖОО-на шетелдік ғалымдарды тарту» бағдарламасы бойынша шетелдік ғалымды, профессорды шақырудың негізгі критерийлері:

- түпнұсқа құжаттары болған жағдайда көшірмесін бере отырып, тиісті құжаттармен расталған ғылыми дәреже (ғылым докторы, ғылым кандидаты, PhD докторы), ғылыми атақ (профессор, доцент, қауымдастырылған профессор), академиялық дәреже (магистр, MBA);

- шақырту сәтінде жоо-да кемінде 5 жыл педагогикалық қызметінің болуы;
- С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ (бейнедәрістер, онлайн конференциялар, case-study,дәрістер, жобалық жұмыстар, студенттердің өзіндік жұмысына арналған сұрақтар, аралық және қорытынды бақылаудың тест тапсырмалары, файлдар репозиторийін құру және т.б.) оқу үдерісіне инновациялық технологиялар трансфертін қамтамасыз ету;

- нөлдік емес импакт-факторы бар ғылыми журналдарда бірлескен ғылыми жарияланымдар шығаруға дайындық;

- кафедраның ПОҚ-мен бірлескен оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу;

- университеттің кітапхана қорын электронды және қағаз тасымалдағыштардағы шетел әдебиеттерімен, сондай-ақ бағдарламалық өнімдермен толықтыруға жәрдемдесу;

- ауыл шаруашылығы саласындағы халықаралық қорлар мен бағдарламалар, білім беру, гуманитарлық ғылымдар, әлеуметтік ғылымдар және экономика, жаратылыстану ғылымдары, техникалық ғылымдар және технологиялардыбірлескен ғылыми жобаларды конкурсқа әзірлеу және ілгерілету(мысалы, Горизонт-2020, Эразмус+).

- ҚР БҒМ қаржы қаражатының, университеттің меншікті қаражатының немесе басқа да көздердің болуы;

7.2 ҚР БҒМ «ҚР жоо-на шетелдік ғалымдарды тарту» бағдарламасын іске асыру үшін университет бөлімшелерінің келесі іс-қимыл алгоритмі белгіленеді:

7.2.1 Әр оқу жылының соңында кафедра меңгерушілері қажетті құжаттарды ұсына отырып, білім беру бағдарламалары пәндерінің курстары бойынша дәрістер оқу және зертханалық-практикалық, семинар сабақтарын өткізу үшін шетелдік ғалымдарды, профессорларды шақыру өтінімдерін ХЫжКОДО-на жібереді (1-қосымша). Қажет болған жағдайда ХЫжКОДО факультеттерге білім беру бағдарламаларының басым бағыттары бойынша шақырылатын шетелдік ғалымның, профессордың қажетті кандидатурасын іздестіруге жәрдемдеседі.

7.2.2 ХЫжКОДО «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» КеАҚ білім беру бағдарламалары пәндері курстары бойынша шетелдік ғалымдарды, профессорларды дәріс оқуға және зертханалық-практикалық, семинар сабақтарын өткізуге шақыру жоспарын жасайды және басқарма төрағасының ғылым, инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары бекітеді. Объективті себептерді ескере отырып, жоспарға өзгертулер енгізуге жол беріледі;

Бірнеше үміткер пайда болған жағдайда, оның мамандану бағыты бойынша халықаралық ғылыми-зерттеу жобаларындағы және ғылыми-әдістемелік басылымдардағы жұмыс тәжірибесін қоса алғанда, ғылыми мақалаларды жариялау басқа үміткерлерге қарағанда жоғары болатын үміткерге басымдық беріледі;

Санкциясыз құжаттың көшірмесін жасауға тыйым салынады

7.2.3 ХЫжКОДО оқу сабақтары басталардан екі ай бұрын шетелдік ғалымның, профессордың қажетті кандидатурасын анықтау үшін шақыру хатын жолдайды;

7.2.4 Шетелдік ғалым, профессор оқу сабақтарын, білім алушылардың аралық және қорытынды бақылау бағасын «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» КеАҚ СМЖ құжаттамасына сәйкес жүргізеді;

7.2.5 Шетелдік ғалымды, профессорды қабылдайтын деканат пен шақырушы кафедра оның университет сайтында болуын ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.

7.3 ХЫжКОДО заң бөлімінің визасымен шетелдік ғалым/профессормен ақылы білім беру қызметтерін көрсету шартын жасасады (А қосымшасы);

7.4 ХЫжКОДО Нұр-Сұлтан қ. ҚР ІІМ полиция департаментінің көші-қон қызметі комитетінде (ПДКҚК) шетелдік ғалымды/профессорды тіркеуді жүргізеді және шетелдік ғалымның келуін, орналасуын ұйымдастыру туралы бұйрық шығарады;

7.5 Деканат пен кафедра меңгерушілері оқу жүктемесінің көлемін, оқу сабақтарын өткізу кестесін айқындайды, сондай-ақ шетелдік профессормен шарттық міндеттемелердің тиісті орындалуына жауапты және бақылау жасайды.

7.6 ПЭО шетелдік ғалымның, профессордың шақыруы бойынша шығыстар сметасын жасайды;

7.7 Шетелдік ғалымды, профессорды қабылдайтын деканат пен кафедралар қажет болған жағдайда шетелдік ғалымның С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ-да болу мерзімдерінің өзгеруі туралы ПБКД, АМД, ХЫжКОДО-ны уақтылы хабардар етеді;

7.8 Бухгалтерлік есеп және талдау бөлімі шетелдік ғалымның, профессордың көрсеткен қызметтеріне ақы төлейді.

## 8 Шетелдік ғалымдар мен профессорларды штаттық қызметкер ретінде шақыру рәсімін жоспарлау және іске асыру

8.1 С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ-ға шетелдік оқытушыны тартудың негізгі өлшемдері:

- ағылшын және орыс тілдерінде білім берудің үш деңгейі (бакалавриат, магистратура, докторантура) бойынша мамандар даярлау бағыттарының білім беру бағдарламаларының пәндер (модульдер) курстары бойынша бос орындардың болуы;
- С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ-дың меншікті қаржы қаражатының немесе басқа да қаржыландыру көздерінің болуы;

8.2 Шетелдік оқытушыларды тарту үшін университет бөлімшелерінің келесі іс-қимыл алгоритмі белгіленеді:

8.2.1 Кафедра меңгерушісі бакалавриат, магистратура, докторантура білім беру бағдарламалары бойынша бос жұмыс орны негізінде шетелдік оқытушыны тарту үшін әр күнтізбелік жылдың соңында 25 маусымға дейін курстың атауын, кредиттер санын, өткізу мерзімін, білім алушылар контингентін, білім деңгейін, оқыту нәтижелерін көрсете отырып, ХЫжКОДО-ға өтінім береді;

8.2.2 ХЫжКОДО кафедра меңгерушілерінің өтінімдері негізінде шетелдік оқытушыларды тарту жоспарын жасайды және Басқарма төрағасының Ғылым, инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасарымен бекітеді;

8.2.3 ХЫжКОДО Басқарма төрағасының жетекшілік ететін орынбасарымен келісілген және Басқарма төрағасының бірінші орынбасары бекіткен ағымдағы жылдың даму жоспарын түзетуге және келесі жылдың даму жоспарын қалыптастыруға арналған өтінімді ПЭО-ға жібереді;

8.2.4 ПБҚД бекітілген жоспарға сәйкес шетелдік оқытушыларды шақыру үшін бос орындарға конкурс жариялайды;

8.2.5 ХЫжКОДО конкурс шарттарын көрсете отырып, шетелдік оқытушыларға шақыру-хаттар жібереді;

8.2.6 ПБҚД шетелдік оқытушының шақыруы бойынша квотаға қажетті құжаттарды дайындайды және С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ-да көрсетілген мерзімге жұмыс визасын алу үшін еңбек шартын (Б қосымшасы) ресімдейді. Жұмыс визасын ресімдеу және визалық қолдауды С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ өз қаражаты есебінен немесе бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру шеңберінде төлейді;

8.2.7 ПБҚД конкурсқа қатысатын үміткерлерді қарау үшін Басқарма төрағасының бұйрығымен комиссия құрады.

8.2.8 Шетелдік оқытушы комиссияның қарауына келесі құжаттарды ұсынады:

- шетел азаматытөлқұжатының оқылатын көшірмесі және университеттің шақыруы бойынша берілген Қазақстан Республикасының аумағына келу қажеттілігінің жазбаша негіздемесі;
- ғылыми дәрежесін немесе атағын растайтын дипломдар мен сертификаттардың оқылатын көшірмесі;
- соңғы 5 жылдағы ғылыми және оқу-әдістемелік жарияланымдар тізімімен түйіндеме;
- оқу-әдістемелік материалдар (дәрістер, бейнедәрістер, онлайн-курстар, жобалау жұмыстары, білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалауға арналған материалдар);
- педагогикалық және білім беру қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік оқытушының университетте болу кезеңіндегі іс-шаралар жоспары (В қосымшасы).

8.3 ПБҚД және ХЫжКОДО еңбек шартын дайындап, оған С. Сейфуллин

атындағы ҚАТУ мен шетелдік оқытушы арасында қол қойылғаннан кейін, жұмыс визасын және визалық қолдауды төлеу бойынша құжаттарды, сондай-ақ ҚР ІІМ-не/Қазақстан Республикасының Көші-қон қызметіне жұмыс визасын алу үшін қолдаухат дайындайды;

8.4 Шақырылған шетелдік оқытушы, егер заңнамалық актілерде өзгеше жағдай көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін барлық іс-әрекеттер үшін дербес жауапты болады.

8.5 Шетелдік оқытушы жұмыс визасын алғаннан кейін және келу күні расталғаннан кейін, ПБКД жұмысқа қабылдау туралы бұйрық дайындайды, ХЫжКОДО Басқарма төрағасының келуді және орналастыруды ұйымдастыру туралы бұйрығын дайындайды.

8.6 Деканат және шақырушы кафедра университет сайтында шетелдік оқытушының болуын ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді;

8.7 Шетелдік оқытушының келу мерзімі өзгерген жағдайда ПБКД, ХЫжКОДО бұл туралы деканат пен мамандық шығарушы кафедраны хабардар етеді.

## 9 Қаржыландыру көздері

Қаржыландырудың келесідей көздері бар:

- өз қаражаты, ҚР БҒМ бюджет қаражаты, шетелдік ғылыми білім беру қорларын қаржыландыру;
- өзге де.

## 10 Штаттағы шетелдік ғалым мен профессордың қызметтеріне ақы төлеу

Осы Ережеде шақырылған шетелдік ғалымдар мен профессорларды штат құрамына тарту жөніндегі шығыстар деп мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес білім берудің үш деңгейі (бакалавриат, магистратура, докторантура) бойынша С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ мамандарын даярлау бағытының білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметтерін көрсету үшін, сондай-ақ С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ-дың QS рейтингісіндегі позицияларын жақсарту үшін шақырылған шетелдік ғалымдарды кафедралардың штат құрамының бос орындарына қосуға байланысты шығыстар деп түсінеді.

Шетелдік оқытушыларды тарту жөніндегі шығыстарға шақырылған шетелдік ғалымдар мен оқытушылар үшін сағаттық жалақының шекті мөлшерін С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ Басқармасы бекітетін гонорарды төлеу және олардың Қазақстан Республикасында болуын визалық қолдау жөніндегі шығыстар жатады. Әрбір жеке жағдайда болу уақытына, оқылатын курстың өзектілігіне байланысты,

бірақ белгіленген шекті нормалардан аспайтын жеке төлем белгіленеді. Қажет болған жағдайда (іріктеудің қажетті критерийлеріне сәйкес келетін нақты шетелдік оқытушыны шақырудың негізді қажеттілігі кезінде) шетелдік оқытушыларды тарту жөніндегі шығыстарға олардың тұратын жерінен педагогикалық қызметті жүзеге асыратын жерге дейін шақырушы университет аумағында жол жүру және кері қайту шығыстары жатқызылуы мүмкін. Банкеттерді, бос уақытты, ойын-сауықты немесе демалысты ұйымдастыруға арналған шығыстар, сондай-ақ тамақтануға арналған шығыстар өтелуге жатпайды.Шетелдік оқытушы келгеннен кейін,ПБКД және ХЫжКОДО салық төлеушінің тіркеу нөмірін және банктегі шотты ресімдейді. Төлқұжаттың нотариалды куәландырылған аудармасын ХЫжКОДО жүзеге асырады, алшығыстарын С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ көтереді.Бухгалтерлік есеп және талдау бөлімінің бастығы – бас бухгалтер шетелдік оқытушының шақыруы бойынша шығыстарды сатып алу/өтеу үшін ХЫжКОДО ұсынған құжаттардың негізінде жасалған жеке еңбек шартына сәйкес уақтылы төлем жүргізеді;

10.1 Шетелдік оқытушының қызметтеріне ақы төлеу бойынша есеп айырысу теңгемен жүзеге асырылады;

10.2 Білім беру қызметтеріне ақы төлеу орындалған қызметтер актісінің негізінде жүргізіледі.

10.3 Еңбек шарты бойынша жалақы төлеу әр ай аяқталғаннан кейін табельге сәйкес жүргізіледі.

## 11 Шетелдік ғалымдарды әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз ету

11.1 Шетелдік ғалымға демалыс күндері (мереке және демалыс күндері) С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ қызметкерлері сияқтыберіледі;

11.2 Университет тұрғын үй-жайды жалға алу төлемі тұрғын үй-жайды қоныстандыру сәтінде қолданыстағы тарифтерге сәйкес төленген жағдайда, қонақ үй үлгісіндегі С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ жатақханасында тұруға мүмкіндік береді.

## 12 Шетел азаматтарын медициналық сақтандыру туралы

12.1 Университетке оның шақыруы бойынша келетін шетелдік ғалымдар мен профессорлардың өз елінде жолды қоса алғанда, барлық болу мерзіміне ресімделген медициналық сақтандыру полисі болуға міндетті немесе оны қазақстандық сақтандыру ұйымдарынан сатып ала алады;

12.2 Сақтандыру жағдайы басталған жағдайда медициналық мекемемен өзара іс-қимыл бойынша барлық формальдылықтарды тиісті құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері мәселелердің тиесілігі бойынша реттейді;

Санкциясыз құжаттың көшірмесін жасауға тыйым салынады

## 13 Өзгертулер енгізу тәртібі

13.1 Ережеге өзгертулер енгізу тек СБӨ және (немесе) БӨ рұқсаты бойынша жүргізіледі және міндетті түрде оның (олардың) қолы қойылып құжатпен ресімделеді.

13.2 Ережеге өзгертулер енгізу СМЖ ҚР 01-2015 талаптарына сәйкес жүргізіледі.

13.3 Ережеге өзгертулерді «Өзгертулерді тіркеу парағына» міндетті түрде белгі қоя отырып, сапа қызметінің мамандары енгізеді.

## 14 Сақтау және тарату

14.1 Бекітілген ережені (түпнұсқасын) сапа қызметіне сақтауға бергені үшін халықаралық ынтымақтастықты және көптілді білім беруді дамыту орталығының директоры жауапты болады.

14.2 ОШҒПТЕ көшірмелерін сақтау және бөлімшелерге тарату жауапкершілігі сапа қызметіне жүктеледі.

14.3 ОШҒПТЕ «ARTA SYNERGY» электрондық құжат айналымы жүйесінде электрондық форматта тіркеледі және мынадай бөлімшелерге жіберіледі: АМД, университет деканаттары мен кафедралары.

Санкциясыз құжаттың көшірмесін жасауға тыйым салынады

А қосымшасы

Өтеулі білім беру қызметтерін көрсету шартының нысаны

| | |
|---|---|
| CONTRACT №<br><br>of refundable educational services (delivering lectures, giving practical classes) with an individual, non-resident of the Republic of Kazakhstan (foreign scientists)<br><br>Nur-Sultan«___» _____________ | КЕЛІСІМ ШАРТ №<br><br>жеке тұлғамен, Қазақстан Республикасының бейрезидентімен (шетелдік ғалыммен) өтеулі білім беру қызметтерін көрсету (дәрістер оқу, практикалық сабақтар өткізу)<br><br>Нұр-Сұлтан қ. «___»_____________ ж. |
| "S.Seifullin Kazakh Agro Technical University" Non-commercial Joint Stock Company on behalf _________________, hereinafter referred to as "Customer" on the one hand and citizen of __________, born on_______, passport № ________issued on________, hereinafter referred to as "Contractor", on the other hand, and jointly referred to hereinafter as the "Parties", based on order №_____ of Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, on May___, ______, entered into this agreement (hereinafter referred to "Agreement") as follows: | «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы_________________ атынан ______жылғы__________ _ № _ _ _ _ _ бұйрық негіздемесінде әрекет ететін, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын бір тараптан және азамат _____________ ________ №__________ берілген __________ екінші тараптан, ал бірлесіп аталған кезде бұдан әрі «Тараптар» деп аталатындар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің №___ бұйрығы негіздемесінде төмендегілер _______жылғы _____осы Келісімшартты (бұдан әрі мәтін бойынша «Келісімшарт») жасасты: |
| 1. SCOPE OF THE CONTRACT<br><br>1.1 In accordance with the terms of this Agreement the Contractor under the program of foreign scientists attraction provide the Customer with educational services in tutorials, delivering lectures and giving | 1. КЕЛІСІМ ШАРТТЫҢ МӘНІ<br>1.1 Осы Келісім шарттың Талаптарына сәйкес Орындаушы шетелдік ғалымдарды тарту бағдарламасы шеңберінде Тапсырысберушіге курс бойынша дәрістер оқу және практикалық сабақтар өткізу бойынша ______________факультетінің білімалушылары үшін __________________білім беру қызметтерін |

Санкциясыз құжаттың көшірмесін жасауға тыйым салынады

| | |
|---|---|
| practical classes on ___________________ for students of ___________Faculty. | көрсетеді. |
| 2. RIGHTS AND RESPONSIBILITIES<br><br>2.1 Contractor under this Agreement shall: | 2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ<br>2.1 Осы Келісім шарт бойынша Орындаушы міндетті: |
| 2.1.1 render services in accordance with its terms, with appropriate quality and within fixed date; | 2.1.1 қызметтерді оның шарттарына толық сәйкес, тиісті сапада және белгіленген мерзімде көрсетуге; |
| 2.1.2 provide Customer with curricula of the offered course for approval; | 2.1.2 Тапсырыс берушіге оқу курсының оқу бағдарламсын бекіту үшін ұсынуға; |
| 2.1.3 to conduct tutorial classes in accordance with the approved curriculum and course schedule by the Customer; | 2.1.3 Тапсырыс беруші бекіткен оқу курсының бағдарламасына және сабақ кестесіне сәйкес практикалық сабақтар өткізуге; |
| 2.1.4 provide students (postgraduates) with necessary academic-and-methodical materials (handouts, materials for SIW, tests, etc.); | 2.1.4 Студенттерді (магистранттарды) қажетті оқу-әдістемелік материалмен (үлестірме материал, студенттердің өзіндік жұмысына арналған материалдар, тестілермен және т.б.) қамтамасыз етуге; |
| 2.1.5 conduct the final control of students' knowledge in accordance with the academic regulations of the University at the end of a lecture course; | 2.1.5 дәрістер курсын а яқтағаннан кейін, университеттің академиялық ережелеріне сәйкес студенттердің біліміне қорытынды бақылау жүргізуге; |
| 2.1.6 timely present the statement on the results of an examination of the final control to the Registry office. | 2.1.6 офис-тіркеушіге қорытынды бақылау нэтижелері бойыншаемтихан ведомосін уақтылы ұсынуға. |
| 2.2 Under this Agreement Customer shall:<br><br>2.2.1 provide the Contractor with training conditions:<br><br>- to make a schedule;<br><br>- to provide with technical equipment;<br><br>- put up to the academic regulations of the University, work rules in the university; | 2.2 Тапсырыс беруші осы Келісім шарт бойынша міндетті:<br>2.2.1 Орындаушының сабақ өткізуіне жағдай туғызуға:<br>- сабақ кестесін құруға;<br>- сабақтарды оқытудың техникалық құралдары мен қамтамасыз етуге;<br>- университеттің академиялық ережелерімен, жоо-дағы жұмыс тәртібімен таныстыруға. |
| 2.2.2 accept and pay for the Services of the Contractor in the amount and timely due to this Agreement; | 2.2.2 Орындаушының қызметтерін осы Келісім шартта келісілген мөлшерде және мерзімде қабылдауға және төлеуге; |
| 2.2.3 be responsible for any actions of | 2.2.3 оқып жатқан адамдардың |

| | |
|---|---|
| trainees who can cause damage to property or business reputation of the Contractor. | Орындаушының мүлкіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіруі мүмкін кез келген әр екеттері мен әрекетсіздігі үшін жауапты болуға. |
| 2.3 The rights of the Contractor and the Customer:<br><br>2.3.1 The Contractor has the right to attend classes of other faculty in order to share experiences; | 2.3 Орындаушы мен Тапсырыс берушінің құқықтары:<br>2.3.1 Орындаушы тәжірибе алмасу мақсатында университеттің басқа оқытушыларының өз пәні бойынша сабақтарына қатысуға құқылы; |
| 2.3.2 Contractor has the right, in consultation with the Customer, to change the date and time of the lecture, shifting their duration prior one day after informing the Customer and keeping the total duration of the period of service and the time of lectures; | 2.3.2 Орындаушы Тапсырыс берушімен келісе отырып, дәріс өткізілетін күн мен уақытқа өзгерістер енгізуге,өткізу уақытын кемінде 1 күн бұрын ауыстыра отырып, Тапсырыс берушіні алдын ала хабарда ретіп, қызметтер көрсету кезеңімен дәрістер уақытының жалпы ұзақтығын сақтауға құқылы; |
| 2.3.3 The customer has the right to control the process of the Services, and receive totally educational services document in accordance with the conditions defined in Section 2.1.5. and 2.1.6 of this Agreement. | 2.3.3 Тапсырыс беруші қызмет көрсету барысын бақылауға және білім беру қызметтерін көрсету қорытындылары бойынша осы Келісім шарттың 2.1.5 және 2.1.6-тармақтарында айқындалған шарттарға сәйкес құжаталуға құқылы. |
| 3. PRICES AND CALCULATOR<br><br>3.1 Cost of educational services includes honorarium, travel and accommodation expenses and makes __________tenge. | 3. ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҚҰНЫ ЖӘНЕ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ<br>3.1 Білім беру қызметтерінің құны қаламақыны, жол жүру, тұру шығыстарын қамтиды және _ _ _ _ _ _ _ _ теңгені құрайды. |
| 3.2 The final calculation of the Contractor is carried out in fact of services providing after signing the executed services act by both Parties within 3 work days.<br><br>The payment can be made before the completion of the services if agreed by the Parties, but not earlier than 3 working days before the last date of Contractor's period of stay. | 3.2 Орындаушымен түпкілікті есеп айырысу тараптар орындалған қызметтер актісіне қол қойғаннан кейін, 3 жұмыс күні ішінде қызметтер көрсету фактісі бойынша жүзеге асырылады.Тараптардың келісімі бойынша ақы төлеу қызметтерді орындау аяқталғанға дейін, бірақ Орындаушының болу кезеңі аяқталатын күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуі мүмкін. |
| 3.3 The payment is made with deduction of individual income tax rate and VAT of 32% according to the legislation of the Republic of Kazakhstan with non-cash on the account of the Contractor, or otherwise permissible under the laws of Kazakhstan, unless | 3.3 Төлем Орындаушының шотына қолма-қолақша сызаудару тәсілімен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес 32% мөлшерінде жеке табыс салығымен ҚҚС шегеріле отырып, егер Қазақстан |

| | |
|---|---|
| otherwise provided for in Double Tax Convention between the Republic of Kazakhstan and the Republic of Bulgaria. | Республикасымен Болгария Республикасы арасындағы қосарланған салық салуды болдырмау туралы Конвенцияда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жол берілетін өзгеде төлем жүзеге асырылады. |
| 3.4 Factual payment confirmation is contractor's reception of payment documents confirming the flow of money transfer to his bank account. | 3.4. Орындаушының банктегі есеп айырысу шотына қолма-қолақша сызақша қаражатының түсуін растайтын төлем құжаттарын алуы төлем фактісі болып саналады. |
| 3.5 Period of Contractor's stay is __________from ________of __________until the ___________. | 3.5 Орындаушының болу кезеңі______жылғы ___________бастап______ күнтізбелік күнді құрайды. |
| 4. SPECIAL CONDITIONS<br><br>4.1 All non-property and property copyrights for training materials sent to the Customer in accordance with paragraph 2.1.2., 2.1.3. and 2.1.4 of the present Agreement, are owned by the Contractor and can be transferred to the Customer as agreed by Parties. | 4. ЕРЕКШЕ ШАРТТАР<br>4.1 Осы Келісімшарттың 2.1.2, 2.1.3, 2.1.4т. сәйкес Тапсырыс берушіге берілетін оқу материалдарына барлық мүліктік емес және мүліктік авторлық құқықтар Орындаушыға тиесілі және тараптардың келісімі бойынша Тапсырыс берушіге берілуі мүмкін. |
| 4.2 Customer may not transfer rights under the present Agreement to a third Party without the written permission of the Contractor, as well as multiply, publish, and resell the software products and other submitted materials become available to the Customer in the course of execution of this Agreement. | 4.2 Тапсырыс берушінің осы Келісім шарт бойынша құқықтарды Орындаушының жазбаша рұқсатынсыз үшінші тұлғаларға беруге, сондай-ақ осы Келісім шартты орындау барысында Тапсырыс берушіге қолжетімді болған бағдарламалық өнімді және өзге де ұсынылған материалдарды көбейтуге, жариялауға және қайта сатуға құқығы жоқ. |
| 4.3 The present Agreement's terms, appendices, and additional agreements to it are confidential and are not subjected to disclosure. | 4.3 Осы Келісім шарттың, оның қосымшаларының және қосымша келісімдердің талаптары құпия болып табылады және жариялауға жатпайды. |
| 4.4 The Parties shall take all necessary measures to ensure that their employees, legal representatives, and other individuals being informed about the present Agreement without the prior consent of the other Party, will not inform the third Parties about the present Agreement details and its appendices. | 4.4 Тараптар олардың қызметкерлері, құқықтық мирас қорлары және осы Келісім шарт туралы кез келген мәліметтерді білетін өзгеде тұлғалар екінші Тараптың алдын ала келісімінсіз үшінші тұлғаларға осы Келісімшарттың егжей-тегжейлері және оған қосымшалар туралы хабарламауы үшін барлықққа жетті шараларды қабылдайды. |
| 4.5 Customer's data, obtained by the Contractor shall not be transferred to the third | 4.5 Орындаушы алған Тапсырыс берушінің деректері үшінші тұлғаларға және бөгде |

| | |
|---|---|
| parties and external Parties are not used by the Contractor otherwise than just for the work performance related to the present Agreement. Customer's data may be disclosed to the state authorities in due process of law. | ұйымдарға берілмейді, Орындаушы осы Келісім шартқа байланысты жұмыстарды орындау үшін пайдаланбайды. Тапсырыс берушінің деректері мемлекеттік органдар үшін заңда белгіленген тәртіппен ашылуы мүмкін. |
| 4.6 Under the current legislation of the Republic of Kazakhstan, the Contractor shall notify the department of the Migration Service of the Republic of Kazakhstan on the seat within three working days of the arrival to the Republic of Kazakhstan. | 4.6 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Орындаушы Қазақстан Республикасының Көші-қон қызметі бөлімшесін тоқтаған орны туралы Қазақстан Республикасына келген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарда ретуі тиіс. |
| 5. DISPUTE RESOLUTION<br><br>5.1 All disputes arising out of the present Agreement shall be discussed by negotiations. | 5. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ<br>5.1 Осы Келісім шарттан туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер келіс сөздер жүргізу жолымен шешіледі. |
